

## ОТЗЫВ

зарубежного научного руководителя на докторскую диссертацию Дюсенова Багдата Данияровича на тему «Письменные памятники мамлюкского периода как лингво-культурный источник (на основе материалов «ад-Дурра аль-мудийа» и «аш-Шузур аз-захабийа»)», представленную на соискание ученой степени доктора философии (PhD) по специальности «8D02209 – Востоковедение»

Диссертационная работа докторанта Дюсенова Багдата Данияровича на тему «Письменные памятники мамлюкского периода как лингво-культурный источник (на основе материалов «ад-Дурра ал-мудийа» и «аш-Шузур аз-захабийа»)» посвящена актуальному исследованию на базе Казахского национального университета имени аль-Фараби. Актуальность данной темы заключается в том, что, несмотря на изучение письменных памятников мамлюкского периода в отдельных направлениях науки (история, литература, языкознание, юриспруденция и др.), их роль как полноценных лингво-культурных источников до сих пор не подвергалась специализированному исследованию. Языково-культурные источники – это мост между лингвистикой и культурологией, позволяющий изучать язык как динамичную систему, вплетенную в социальный и исторический контекст. Их анализ требует интеграции методов различных дисциплин, что делает такие исследования не только научно значимыми, но и критически важными для сохранения глобального культурного наследия. В диссертации Дюсенова Б.Д. этот подход реализован через детальное исследование мамлюкских памятников, что подтверждает их роль как ключевых источников для тюркологии и востоковедения. А также, языково-культурные источники служат основой для ревитализации языков: например, некоторые лексемы из старокыпчакских текстов могут использоваться при создании словарей современного казахского языка.

Реконструкция истории языка, анализ фонетики, лексики и грамматики позволяет проследить развитие языка и его диалектов (например, связь старокыпчакского и современного казахского). Выявление культурных кодов: тексты отражают нормы, верования, традиции (например, переводы Корана в мамлюкских памятниках демонстрируют синтез исламской и тюркской культур). Междисциплинарный синтез: совмещение методов лингвистики, истории, антропологии и археологии для комплексного анализа (как в работе Дюсенова Б.Д., где сопоставляются эпиграфика, словари и исторические хроники).

Работа выполнена в рамках актуального направления классического востоковедения, связанного с исследованием старокыпчакского языкового наследия, и представляет значительный научный интерес.

Сильные стороны работы:

1. Актуальность темы. Автор обоснованно подчеркивает важность изучения мамлюкско-кыпчакских памятников для понимания эволюции казахского языка, особенно в контексте его статуса как государственного языка Казахстана. Исследование вносит вклад в развитие тюркологии и исторической лингвистики, заполняя лакуны в изучении старокыпчакских текстов.

2. Научная новизна. Впервые в научный оборот введены полные тексты памятников «ад-Дурра ал-мудийа» и «аш-Шузур аз-захабийа» на казахском языке. Проведен сопоставительный анализ между старокыпчакскими памятниками и современным казахским языком, выявлены средневековые тюркские лексические пласты, а также составлен кыпчакско-казахский словарь.

3. Методологическая основа. Применение историко-сравнительного, сопоставительного и диахронического методов позволило провести глубокий анализ фонетических, лексических и грамматических особенностей текстов. Учёт работ как

зарубежных, так и отечественных тюркологов (Н.Т. Сауранбаев, Э.Н. Наджип, А.Н. Гаркавец и др.) обеспечил теоретическую обоснованность выводов.

4. Практическая значимость. Результаты исследования могут быть использованы в лексикографии (составление историко-этимологических словарей), образовательном процессе (курсы по тюркологии, истории казахского языка), а также для популяризации культурного наследия кыпчаков.

5. Публикационная активность. Автор демонстрирует высокий уровень научной продуктивности: 9 статей, включая публикации в Scopus и рецензируемых журналах, что подтверждает признание работы научным сообществом.

Рекомендации и замечания:

1. Структура работы. Диссертация логично организована, однако раздел, посвящённый связи памятников с эпиграфикой Золотой Орды, мог бы быть расширен для более детального сопоставления.

2. Источниковая база. Хотя автор провёл текстологический анализ ключевых памятников, включение дополнительных источников (например, документов из архивов Египта и Сирии) могло бы усилить доказательную базу.

3. Интердисциплинарность. Работа фокусируется на лингвистическом аспекте, но углубление в культурно-исторический контекст мамлюкского периода (например, влияние ислама, политические связи) обогатило бы исследование.

Заключение.

Диссертация Дюсенова Б.Д. представляет собой серьёзное и новаторское исследование, вносящее значительный вклад в востоковедение и историческую лингвистику. Выводы работы имеют как теоретическую, так и практическую ценность, а её результаты открывают новые перспективы для изучения старокыпчакского наследия. Работа соответствует требованиям, предъявляемым к диссертациям на соискание степени PhD, и может быть допущена к защите на диссертационном совете.

**Зарубежный консультант,  
доктор филологических наук,  
профессор Института филологии  
и межкультурной коммуникации  
Казанского (Приволжский)  
федерального университета**

**Ф.Ш. Нурева**

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР  
ОГРН 1021602841391 ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ  
КОММУНИКАЦИИ  
ПОДПИСЬ  
Нурева Ф.Ш.  
Должность: профессор



«8D02209 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Дюсенов Багдат Данияровичтің «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбы бойынша дайындалған докторлық диссертациясына шетелдік ғылыми жетекшінің

## П І К І Р І

Докторант Дюсенов Багдат Данияровичтің «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында өзекті тақырыпты зерттеуге арналған. Бұл тақырыптың өзектілігі сол, мәмлүктер кезеңіндегі жазбаша ескерткіштер ғылымның жекелеген салаларында (тарих, әдебиет, тіл білімі, құқықтану және т.б.) зерттелгенімен, олардың толыққанды тілдік-мәдени дереккөз ретіндегі рөлі осы уақытқа дейін арнайы зерттелген емес. Тілдік-мәдени дереккөздер – тіл білімі мен мәдениеттану арасындағы алтын көпір, мұнда тілді әлеуметтік және тарихи контекске негізделген динамикалық жүйе ретінде зерттеуге мүмкіндік береді. Олардың талдаулары әртүрлі пәндердің әдістерін интеграциялауды талап етеді, мұндай зерттеулер тек ғылыми тұрғыдан ғана маңызды емес, сонымен қатар, жаһандық мәдени мұраны сақтау үшін де өте маңызды. Б.Д. Дюсеновтің диссертациясында бұл тәсілдер мәмлүк ескерткіштерін түбегейлі зерттеу арқылы жүзеге асырылған, бұл олардың түркітану мен шығыстану үшін негізгі дереккөз ретіндегі рөлін растайды. Сондай-ақ, тілдік-мәдени дереккөздер тілдерді ревитализациялауға негіз болады: мысалы, ескі қыпшақ мәтіндерінің кейбір лексемаларын қазіргі қазақ тілінің сөздіктерін жасауда қолдануға болады.

Тіл тарихын қайта құру, фонетика, лексика және грамматикасын талдау тіл мен оның диалектілерінің даму бағытын бақылауға мүмкіндік береді (мысалы, ескі қыпшақ пен қазіргі қазақ тілінің байланысы). Мәдени кодтарды анықтау: мәтіндер нормаларды, нанымдарды, дәстүрлерді көрсетеді (мысалы, мәмлүк ескерткіштеріндегі Құран аудармалары Ислам мен түркі мәдениеттерінің синтезін көрсетеді). Пәнаралық синтез: кешенді талдау үшін лингвистика, тарих, антропология және археология әдістерін біріктіру (Б.Д. Дюсеновтің жұмысындағы сияқты, мұнда эпиграфика, сөздік пен тарихи оқиғалар салыстырылады).

Жұмыс ескі қыпшақ тілінің мұрасын зерттеумен байланысты классикалық шығыстанудың өзекті бағыты шеңберінде орындалған және айтарлықтай ғылыми қызығушылық тудырады.

Жұмыстың жақсы жақтары:

1. Тақырыптың өзектілігі. Автор қазақ тілінің эволюциясын, әсіресе оның Қазақстанның мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесі тұрғысынан түсіну үшін мәмлүк-қыпшақ ескерткіштерін зерттеудің маңыздылығын негіздеп, айрықша атап өтеді. Зерттеу түркітану мен тарихи лингвистиканың дамуына қосылған үлкен үлес, ескі қыпшақ мәтіндерін зерттеудегі ақтандақтардың орынын толтыруға көп көмегі тиеді.

2. Ғылыми жаңалығы. «Ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» ескерткіштерінің толық мәтіні қазақ тілінде тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілді. Ескі қыпшақ ескерткіштерінің тілі мен қазіргі қазақ тілі арасында салыстырмалы талдау жүргізілді, ортағасырлық түркі лексикалық қабаттары анықталды, сондай-ақ, қыпшақша-қазақша сөздік жасалды.

3. Әдістемелік негізі. Тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы және диахрондық әдістерді қолдану мәтіндердің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне терең талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Шетелдік және отандық түркологтардың (Н.Т. Сауранбаев, Э. Н. Наджип, А.Н. Гаркавец және т. б.) жұмыстарын есепке алу нәтижелердің теориялық негіздемесін қамтамасыз етеді.

4. Практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелерін лексикографияда (тарихи-этимологиялық сөздіктер құрастыруда), білім беру үдерістерінде (түркітану, қазақ тілінің тарихы бойынша курстарда), сондай-ақ, қыпшақтардың мәдени мұрасын насихаттауда пайдалануға болады.

5. Жарияланым белсенділігі. Автор ғылыми өнімділіктің жоғары деңгейін көрсете алған: 9 мақала, соның ішінде Scopus пен рецензияланған журналдардағы басылымдар, бұл ғылыми қауымның жұмысты мойындағанын растайды.

Ұсыныстар мен ескертулер:

1. Жұмыстың құрылымы. Диссертацияның ойы орамды ұйымдастырылған, бірақта ескерткіштердің Алтын Орда эпиграфикасымен байланысына арналған бөлімді егжей-тегжейлі салыстыру үшін кеңейтуге болатын еді.

2. Дереккөздер базасы. Автор негізгі ескерткіштерге мәтіндік талдау жүргізгенімен, қосымша дереккөздерді (мысалы, Египет пен Сирия мұрағаттарынан алынған құжаттар) қосса, дәйектілік базасы күшейе түсетін еді.

3. Пәнаралық. Жұмыс лингвистикалық аспектіге бағытталған, бірақта мәмлүктер кезеңінің мәдени-тарихи контексіне тереңдей түссе (мысалы, исламның әсері, саяси байланыстар) зерттеудің құны арта түсетін еді.

Қорытынды.

Б.Д. Дюсеновтің диссертациясы шығыстану мен тарихи лингвистикаға елеулі үлес қосатын жетілген және жаңашыл зерттеу болып табылады. Жұмыстың қорытындылары теориялық және практикалық құндылыққа ие және оның нәтижелері ескі қыпшақ мұрасын зерттеудің жаңа перспективаларын ашады. Жұмыс PhD дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық кеңесте қорғауға жіберуге болады.

**Шетелдік кеңесші,  
филология ғылымдарының докторы,  
Қазан (Приволжский) федералды  
университетінің Филология және мәдениетаралық  
коммуникациялар институтының профессоры**

**Ф. Ш. Нуриева**